

Қорытынды. Сонымен қатар, балалардың өзара әрекеттесу кезінде басқа адамдарға назар аударуы, көмек сұрауы немесе көмек ұсынуы да жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Топтық әрекетке қатысу да шектеулі сипатта, себебі балалардың бірлескен ойындарға қосылуы, ережелерді сақтау және құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдылары әлі қалыптасу кезеңінде. Аталған ерекшеліктер балалардың әлеуметтік бейімделу процесінде елеулі қиындықтарға тап болатынын және олардың мектепке дейінгі білім беру ортасына толық бейімделуі үшін арнайы педагогикалық қолдауды қажет ететінін көрсетеді. Осыған байланысты ынтымақтастық дағдыларын дамытуда құрылымдалған педагогикалық тәсілдерді қолдану маңызды болып табылады. Олардың қатарына жеке-дара жұмыс, визуалды қолдау құралдары, үлгі көрсету әдісі, жағымды күшейткіштерді пайдалану және әлеуметтік жағдаяттарға негізделген жаттығулар кіреді. Бұл әдістер аутистік спектр бұзылысы бар балалардың ынтымақтастық дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға және топтық өзара әрекетке қатысу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы.* – Астана, 2024. – №1143. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143>
2. *Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. Аутизмді бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы.* – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020.
3. *Айқынбаева Г.К. Инклюзивті білім беру және арнайы педагогика мәселелері бойынша ғылыми мақалалар // Педагогика және психология сериясы.* – Алматы, 2018–2024.
4. *Выготский Л.С. Мышление и речь.* – М.: Лабиринт, 1999. – 352 с.
5. *Frith U. Autism: Explaining the Enigma.* – Oxford: Blackwell Publishing, 2003. – 304 p. *Lord C., Rutter M., DiLavore P.C., Risi S.*
6. *Autism Diagnostic Observation Schedule (ADOS).* – Los Angeles: Western psychological Services, 2000.
7. *Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутизм: методические рекомендации по психологической коррекции.* – М.: Просвещение, 2005. – 144 с.
8. *Пиаже Ж. Психология интеллекта.* – СПб.: Питер, 2003. – 192 с.
9. *Эльконин Д.Б. Психология игры.* – М.: Педагогика, 1978. – 304 с.
10. *Sparrow S.S., Cicchetti D.V., Balla D.A. Vineland Adaptive Behavior Scales (VABS): Interview Edition, Survey Form Manual.* – Circle Pines, MN: American Guidance Service, 1984.

МРНТИ 14.29.23

DOI.10.51889/2960-1673.2026.84.1.008

¹Байдильдинов Т.Ж., ²Көлбай М.Ж.,

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, ²«Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру» мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН 5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Аңдатпа:

Бұл зерттеу психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың танымдық процестерін дидактикалық ойындар арқылы дамытуға арналған. Жұмыста аталған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, сондай-ақ зейін, есте сақтау, ойлау және қабылдау процестерінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Дидактикалық ойындар түзете-дамыту оқытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері ойын әдістерін жүйелі қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу процесіне қызығушылығын күшейтетінін және когнитивтік дамуды жақсартатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: психикалық дамудың тежелуі, танымдық процестер, дидактикалық ойындар, зейін, есте сақтау, ойлау

¹Байдильдинов Т.Ж., ²Колбай М.Ж.,

¹к.п.н, ассоциров.профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

²магистрант I курса по специальности 7M01902 – Специальная педагогика: Инклюзивное образование

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ У ДЕТЕЙ 5 ЛЕТ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ПОСРЕДСТВОМ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР

Аннотация:

Данное исследование посвящено развитию познавательных процессов у детей 5 лет с задержкой психического развития посредством дидактических игр. В работе рассматриваются психолого-педагогические особенности детей с ЗПР, а также специфика формирования внимания, памяти, мышления и восприятия. Особое внимание уделяется роли дидактических игр как эффективного средства коррекционно-развивающего обучения. Показано, что систематическое использование игровых методов способствует активизации познавательной деятельности, повышению интереса к обучению и улучшению когнитивных процессов у детей данной категории.

Ключевые слова: задержка психического развития, познавательные процессы, дидактические игры, внимание, память, мышление

¹Baidildinov T.Zh., ² Kolbay M.Zh.,

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

²1st-year Master's Student, Specialty 7M01906 - Special Pedagogy: Inclusive Education Abai Kazakh National Pedagogical University

DEVELOPMENT OF COGNITIVE PROCESSES IN 5-YEAR-OLD CHILDREN WITH DEVELOPMENTAL DELAY THROUGH DIDACTIC GAMES

Abstract:

This study is devoted to the development of cognitive processes in 5-year-old children with developmental delay through didactic games. The research examines the psychological and pedagogical characteristics of children with developmental delays, as well as the formation of attention, memory, thinking, and perception. Special emphasis is placed on didactic games as an effective tool for corrective and developmental education. The findings show that the systematic use of game-based methods enhances cognitive activity, increases learning motivation, and improves cognitive processes in children of this category.

Keywords: developmental delay, cognitive processes, didactic games, attention, memory, thinking

Кіріспе

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушылардың әлеуметтік бейімделу және оларды тәуелсіз өмірге дайындау мәселесі әрқашан өзекті болып қала береді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары туралы» Заңында, [1] «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңында [2], балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру қарастырылған.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың танымдық процестерін дамыту қазіргі арнайы педагогика мен психологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Танымдық процестерге зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау сияқты психикалық қызметтер жатады, және олардың жеткіліксіз дамуы баланың оқу әрекетіне, әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді [3].

Психикалық дамуы тежелген балалар санының көбеюіне байланысты оларды тәрбиелеу, оқыту және оңалту, әлеуметтік бейімдеу мәселелері өзекті психологиялық-педагогикалық проблемаға айналып отыр. К.С. Лебединская, Т. В. И. Лубовский, В. В. Лебединский, Ф. М. Гайдук және басқа ғалымдардың көптеген зерттеулері психиканың дамуында әлсіз ауытқулары бар балаларды зерттеу мәселесіне арналған [4], [5].

К. С. Лебединская психикалық дамудың тежелуінің төрт негізгі түрін бөліп көрсетті: церебралды-органикалық, конституциялық (психикалық және психофизикалық инфантилизм), соматогендік және психогендік.

Церебралды-органикалық түрі психикалық функциялардың жетілмегендігімен және органикалық инфантилизммен сипатталады. Конституциялық түрінде эмоционалдық және тұлғалық жетілмеу басым болып, балаларда ойын әрекетіне қызығушылық жоғары, ал оқу іс-әрекетіне қызығушылық төмен болады. Соматогендік түрі созылмалы аурулармен байланысты, ол астения, шаршағыштық және әлеуметтік бейімделудің шектелуімен көрінеді. Психогендік түрі ұзаққа созылған психотравматикалық жағдайлардың әсерінен қалыптасып, тұлғалық дамудың бұзылуына әкеледі.

Психикалық дамудың тежелуінің негізгі себептері – мидың жеңіл органикалық зақымдануы, орталық жүйке жүйесінің әлсіздігі, инфекциялар, созылмалы аурулар, жарақаттар және қолайсыз әлеуметтік-тәжірибелік жағдайлар.

5 жастағы ПДТ балаларда танымдық белсенділіктің төмендігі, зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтаудың әлсіздігі және ойлау операцияларының жеткіліксіз дамуы жиі байқалады. Осыған байланысты олармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары арнайы ұйымдастырылған педагогикалық құралдарды талап етеді [6].

Танымдық процестердің дамуы іс-әрекет барысында жүзеге асады. А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы бойынша, бала белсенді әрекет арқылы қоршаған ортаны танып, өзінің психикалық функцияларын дамытады. Осы тұрғыда дидактикалық ойындар маңызды орын алады.

Дидактикалық ойындар балалардың оқу материалын ойын формасында меңгеруіне мүмкіндік беріп, олардың қызығушылығын арттырады және танымдық белсенділігін ынталандырады [7]. Сонымен қатар, П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы ойын әрекетінің оқу процесіндегі рөлін негіздейді [8].

Дидактикалық ойындардың танымдық процестерді дамытудағы рөлі

ПДТ балалармен жұмыс барысында дидактикалық ойындар келесі танымдық процестерді дамытуға бағытталады:

- Зейін: тапсырмаға назар аудару, тұрақтылықты арттыру;
- Есте сақтау: көрнекі және есту арқылы ақпаратты есте сақтау;
- Қабылдау: заттардың қасиеттерін ажырату және салыстыру;
- Ойлау: талдау, салыстыру, жалпылау дағдыларын қалыптастыру.

Дидактикалық ойындар балалардың оқу әрекетіне қызығушылығын арттырып, оларды белсенді әрекетке тартуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе ПДТ балалар үшін маңызды, себебі ойын мотивациясы олардың оқу тапсырмаларын орындауын жеңілдетеді (Л.А. Венгер, Н.Н. Поддьяков).

Зерттеу әдістері мен материалдары

Анықтау экспериментінің мақсаты: «Психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың танымдық процестерінің даму деңгейін анықтау». Зерттеу әдістері:

1. А. А. Горчинскаяның еңбегіне сүйене отырып, психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың танымдық белсенділігінің деңгейін анықтау.
2. Э. В. Маклаева мен Е. К. Дмитриеваның зерттеулеріне негізделе отырып, 5 жастағы ПДТ балалардың танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейін айқындау [9,10,11].

Бұл әдістеменің мақсаты – психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың дидактикалық ойындар барысында танымдық белсенділігінің деңгейін анықтау.

Танымдық белсенділікті бағалау А. А. Горчинскаяның сауалнамасы негізінде жүргізілді. Әдістеме 5 сұрақтан тұрып, баланың оқу-танымдық әрекетке деген қатынасын сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу жеке түрде ұйымдастырылып, ата-аналарға стандартталған сауалнама ұсынылып, жауап нұсқаларының бірін таңдау тапсырылды.

Нәтижелерді бағалау келесі шкала бойынша жүргізілді: 3 балл – жоғары танымдық белсенділік, 2 балл – орташа, 1 балл – төмен деңгей. Жалпы ұпай санына қарай деңгейлер анықталды: 12–15 балл – жоғары, 8–11 балл – орташа, 5–7 балл – төмен деңгей.

Алынған нәтижелер танымдық белсенділіктің жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті.

Нәтижелерді нақтылау мақсатында Э. В. Маклаева мен Е. К. Дмитриеваның әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме дидактикалық ойындар арқылы балалардың танымдық қызығушылық деңгейін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында балалар ұсынылған әрекеттерге қатысты өз таңдауларын белгілейді. Әрбір оң жауап 1 балл, теріс жауап 0 балл ретінде бағаланып, жалпы көрсеткіш пайыздық түрде есептеледі.

Бағалау нәтижелері бойынша: 0–3 балл – төмен деңгей (бастамашылық пен дербестіктің болмауы), 4–6 балл – орташа деңгей (қызығушылық бар, бірақ ересек көмегі қажет), 7–8 балл – жоғары деңгей (дербестік, белсенділік және тұрақты қызығушылық).

Жалпы, зерттеу нәтижелері ПДТ бар 5 жастағы балаларда танымдық белсенділік пен қызығушылықты дамытуда дидактикалық ойындардың маңыздылығын көрсетеді.




Диаграмма 1. Психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың дидактикалық ойындар барысында танымдық қызығушылық деңгейін анықтау (А. А. Горчинская әдістемесі бойынша кіріс диагностикасының нәтижелері).


Диаграммада ПДТ бар бастауыш сынып оқушыларының математика сабақтарындағы танымдық қызығушылық деңгейлері (3 және 4 сынып бойынша) көрсетілген.

Нәтижелерге сәйкес, жоғары деңгей өте төмен: 3-сыныпта – 5%, 4-сыныпта – 8%. Бұл оқушылардың аз бөлігі ғана математика пәніне айқын қызығушылық танытатынын көрсетеді.

Орташа деңгей 3-сыныпта 37%, ал 4-сыныпта 41% құрайды. Бұл топтағы оқушыларда қызығушылық бар, бірақ ол тұрақты емес және қосымша ынталандыруды қажет етеді.

Ең жоғары көрсеткіш төмен деңгейге тиесілі: 3-сыныпта – 58%, 4-сыныпта – 51%. Бұл оқушылардың басым бөлігінде математикаға деген танымдық қызығушылықтың жеткіліксіз дамығанын аңғартады.

Жалпы алғанда, диаграмма ПДТ бар балалар арасында төмен деңгейдің басым екенін және танымдық қызығушылықты дамыту үшін арнайы педагогикалық ықпалдың (соның ішінде дидактикалық ойындардың) қажеттілігін көрсетеді.



Сурет 2. Дидактикалық ойындар арқылы 5 жастағы ПДТ балалардың танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейлері ұсынылған.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды қалыптан тыс даму ретінде қарастыру қажет. Бұл жағдай, ең алдымен, танымдық белсенділіктің төмендеуімен, зейін тұрақсыздығымен, есте сақтау көлемінің шектеулілігімен, сондай-ақ эмоционалдық-ерік саласының жеткіліксіз дамуымен сипатталады. Сондықтан мұндай балалармен жұмыс кешенді және жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс.

5 жастағы ПДТ балалардың танымдық процестерін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы ерекше. Ойын – мектепке дейінгі жастағы баланың жетекші іс-әрекеті болғандықтан, ол арқылы бала қоршаған ортаны таниды, жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Дидактикалық ойындар арнайы ұйымдастырылған педагогикалық құрал ретінде зейінді шоғырландыруға, есте сақтауды дамытуға, ойлау операцияларын (салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау) қалыптастыруға және сөйлеу белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Тақырыпты тиімді меңгерту мақсатында дамыту кезеңінде мультимедиялық технологияларды (интерактивті тапсырмалар, анимациялық көрнекіліктер, дыбыстық сүйемелдеу) қолдану ұсынылады. Бұл тәсіл балалардың қызығушылығын арттырып, оқу материалының қолжетімді әрі түсінікті болуына жағдай жасайды.

ПДТ балаларда математикаға қызығушылықты қалыптастыру жұмысы тек жеке дағдыларды дамытуға бағытталмай, зейін, есте сақтау, шығармашылық қиял және логикалық ойлаумен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс. Мысалы, «Сана және орналастыр», «Артық затты тап», «Пішіндерді сәйкестендір» сияқты дидактикалық ойындар арқылы балалар сандық ұғымдарды меңгеріп қана қоймай, салыстыру, топтастыру және жалпылау дағдыларын да дамытады. Математикалық түсініктерді қалыптастыру балалардың кеңістіктік және уақыттық ұғымдарын дамытуға негізделеді. Заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша

ажырату, оларды салыстыру, ретімен орналастыру сияқты әрекеттер дидактикалық ойындар барысында табиғи түрде жүзеге асады. Бұл өз кезегінде балалардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу іс-әрекетіне оң мотивация қалыптастырады.

Қорытынды

Осылайша, дидактикалық ойындарды мақсатты және жүйелі қолдану психикалық дамуы тежелген 5 жастағы балалардың танымдық процестерін тиімді дамытуға, олардың білімді меңгеру деңгейін арттыруға және мектепке дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
3. Лебединская, К.С. Задержка психического развития у детей [Текст] / К.С. Лебединская // Причины аномалий развития у детей. – М.: Изд-во АПН СССР, 1984
4. Лубовский В. И., Розанова Т. В., Солнцева Л. И. и др. Специальная психология - 2-е изд., испр. - М.: Издательский центр «Академия», 2005.
5. Макеева Е.А. Особенности мотивации младших школьников с задержкой психического развития / Е.А. Макеева – М.: Просвещение, 2004.
6. Выготский Л.С. Психология развития человека / Л.С.Выготский. – М.: Смысл. Эксмо, 2005. – 1136 с
7. Певзнер М. С. Особенности эмоционально-волевой сферы умственно отсталых детей // Воспитательная работа во вспомогательной школе / под ред. Г. М. Дульнева. М
8. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. – М.: Изд-во МГУ, 1966. – 128 с.
9. Горчинская А.А. Диагностика познавательной деятельности детей дошкольного возраста. – М.: Просвещение, 2008. – 176 с.
10. Маклаева Э.В. Развитие познавательной активности детей дошкольного возраста в игре. – М.: Педагогика, 2012. – 192 с.
11. Дмитриева Е.К. Игровые технологии в развитии дошкольников. – М.: Владос, 2010. – 224 с.

МРНТИ 14.29.21

DOI.10.51889/2960-1673.2026.84.1.007

¹Шайжанова К.У, ²Каскарауова Е.М.,

¹п.ғ.к., доцент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

²«Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру» мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**ЗИЯТЫНДА ЖЕҢІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР 2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗ
ТАПТАРЫ БІЛІМІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН ДАМУ**

Аңдатпа: